137. Сүлейменов, М. Батырдың бейіті қайда? [Мәтін] : [халық батыры Аманкелді Иманов туралы] / М. Сүлейменов // Халық кеңесі. - 1992. – 6 наурыз. - Б. 4.
138. Тәж-Мұрат, Мақсат. Үзілген үзеңгі [Мәтін] : [халық батыры Аманкелді Имановтың өлімінің шындығы туралы] / Мақсат Тәж-Мұрат // Қазақ. - 2015. – 18-25 қыркүйек. - Б. 5, 6.
139. Тәж-Мұрат, Мақсат. Үзілген үзеңгі [Мәтін] : [халық батыры, жерлесіміз Аманкелді Иманов туралы] / Мақсат Тәж-Мұрат // Қазақ. - 2015. – 21-28 тамыз. - Б. 5, 6.
140. Төлепова, Г. Халық батыры [Мәтін] : [батыры А. Иманов туралы] / Г. Төлепова // Жаңа өмір. - 1986. – 6 қазан. - Б. 3.
141. Тұрғынбеков, С. Сардар революция ардагері [Мәтін] : [батыр А. Иманов туралы өлең-очерк Октябрьдің 60 жылдығына арналған] / С. Тұрғынбеков // Коммунизм таңы. - 1977. – 19 тамыз. - Б. 4.
142. Халық батыры [Мәтін] : [халық батыры А. Имановтың туғанына 115 жыл] // Жаңа өмір. - 1988. – 31 наурыз. - Б. 4.
143. Шәкібаев, С. Қанды қара немесе халық қарғысына ұшыраған кім? [Мәтін] : [батыр А. Иманов көтерілісі туралы] / С. Шәкібаев // Коммунизм таңы. – 1989. – 18 мамыр. – Б. 4.
144. Шүкірбеков, Қ. Қастеевтің қайталанбас қолтаңбасы [Мәтін] : [суретші Ә. Қастеевтің батыр А. Имановтың портретін салғандығы туралы] / Қ. Шүкірбеков // Түркістан. – 2016. - 31 наурыз. – Б. 6.
145. Шүкірұлы, С. Қараман Досай қажының Аманкелді батырға берген батасы [Мәтін] : [халық батыры Аманкелді Имановқа берілген бата жайында] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. - 1996. – 29 тамыз. – Б. 8.



«Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыр!»

Қопабай баласы ақын Қарсақ қазақ ауыз әдебиетін дамытуға өзіндік үлес қосқан, өз заманының дүлдүлі, арқалы, рухты, дара дарын болған. Қарсақ ақынның 1944 жылы Аманкелдінің ауылында оның жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуын еске түсіруге арналған жиында толғаған үлкен толғауы.

Қазақта шыққан батыр Аманкелді,
Айтайық, ауызға алып кемеңгерді.
Ескерткіш 25 жыл үлкен думан,
Жинадың тамаша ғып тәмам елді.
Батырдың батырлығы жұрттан
асқан,
Жолына социализм қадам басқан.
Жасынан еңбекшіге қорған болған,
Байлармен сол кезде-ақ
қарсыласқан.
Көрсеткен өз тұсында батырлықты,
Дұшпанын ерегескен жерге тықты.
Дәуіріне патшалықтың қарсы
болған,
Ол кезде жан болған жоқ ондай
мықты.
Халықтың қамын ойлап қорған
болды,

Шығарды сан адамды түскен
тордан.

Заңына Николайдың қарсы болып,
Соқтырды қару-жарақ өзі қолдан.

Болды ғой өзі батыр, өзі мерген,
Қайраты артық болды талай ерден.
Бостандық адамзатқа бола ма деп.
Жиналып дүйім халық соңына
ерген.

Қайраты бала жастан судай тасты,
Соңына ертіп алды талай жасты.
Патшаға қарсы болып ұйымдасты,
Жылына мың тоғыз жүз он
алтыншы.

Қазақтың жол бастады баласына,
Сарыарқа әскер жинап даласына.

Ленинмен ауызба-ауыз
сөйлеспекке,
Барды ғой Петроград қаласына.
Ұлы көсем батырымды қарсы
алған,
Мақсаты қабыл болды іздеп барған.
Тағынан Николайды бір құлатсақ,
Біздерде қалмас депті ешбір арман.
Не күшті ұйымдасқан ұйым күшті,
Көсемдер қолға алса бұл жұмысты.
Барар жер, басар тауы қалмаған
соң,
Қуылып сұм Николай тақтан түсті.
Партия өкіметпен орналасты,
Елімнің қараңғыдан көзін ашты.
Ортада қызыл туды көтерген соң,
Ел жеген қу мен сұмдар бізден
қашты.
Тілегі батырымның қабыл болды,
Қиратқан қамал бұзып, шынжыр
торды.
Халқына Қазақстан ат бергізіп,
Жеткізді дәрежеге біздің қолды.
Халықтың біздің ел көзін ашқан,
Бір бауыр – орыс, қазақ араласқан.
Бірлескен біздің күшке кім
шыдайды,
Жеңіліп немістер де қайта қашқан.

Жықпайды қамаған жау қызыл
тілді,
Жастарым тәуекелге белін буды.
Батырдан тағылым алған
геройларым,
Фашистке қырғын беріп қайта
қуды.
Бұл батыр 25 жыл болған бұрын,
Ден қойып аңғарғанға сөзім
шырын.
Жаулардан жеңіліс тауып
қырылуы,
Батырға қылған тойып болған
ырым.
Біздің ел жауға жерін бере
алмайды,
Жау көрсе бойын тежеп тұра
алмайды.
Орнаған байлық пенен
бостандықты,
Сырттағы дұшпан күндеп көре
алмайды.
Батырым ойлап өскен елдің қамын,
Халқы үшін аямаған жаудан
жанын.
Шаттықпен Қазақстан қылған
тойын,
Халқына бүкіл елдің болды мәлім, -

деп Қарсақ ақын Аманкелді батырдың ерлігін, адамгершілігін, елге сіңірген еңбегін жырлайды.

Аманкелді Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы

Аманкелді 1873 жылы 3 апрельде Торғай уезі Қайдауыл болысының № 3 ауылында туды.

1881 – 1884 жылдары Аманкелді ауыл молдасынан оқып, сауат ашты.

1887 жылдан бастап аманкелді байларға батырақ болып жалданды.

1908 жылы қазақтардың үкімет қарауыл командасы солдаттарымен қарулы соқтығысын басқарып, Аманкелді бұл үшін түрмеге қамалды.

1909 жылы Атбасарда Аманкелді Әділбек Майкөтовпен танысты.

1912 жылы Атбасарда Аманкелді Әділбек Майкөтовпен екінші рет кездесті.

1912 жылдың соңы мен 2013 жылдың бірінші жартысында Аманкелді Ә. Жанкелдинмен бірге Торғай облысының ауылдарын аралады.

1914 жылдың февралінде түрмеге қамалған шаруалардың ісі бойынша Петербургке барды.

1916 жылдың бірінші жартысында Аманкелді саяси көзқарасы үшін Байқоңырдың жер қазу жұмысына жер аударылған, 1905 – 1907 жылдардағы революцияға қатысқан И. Деевпен танысып кездесіп жүреді.

Июль айының ортасында Аманкелді Иманов Торғай уезінде көтерілісшілердің алғашқы отрядын ұйымдастырды.

Июль айының соңында А. Иманов Досан қопасында Торғай болысы көтерілісшілер отрядтары басшыларының жиынын өткізді.

Август айының басында Торғай уезінің Сұрша тоғайына жиналған көтерілісшілер Аманкелді Имановты өздерінің бас қолбасшысы (сардар) етіп сайлады.

Август айының соңында, сентябрь айының бірінші жартысында Имановтың партизандық отряды жазалаушылармен бірқатар сәтті ұрыстар жүргізді.

17 сентябрьге қарай Аманкелді Иманов бастаған жергілікті көтерілісшілермен қатар Ақмола облысының Петропавл және Атбасар уездерінің, Сырдария болысының Перовск уезінің және Торғай болысының Қостанай уезінің партизандық отряды Торғай уезіне шоғырландырылды. Олар Ырғыз, Торғай жолы бойындағы почта станциясын басып алды және телеграф сымдарын үзді.

23 октябрьде көтерілісшілер Аманкелді Имановтың басшылығымен Торғайды қоршай бастады.

Ноябрь айының бірінші жартысында Торғай болысындағы көтеріліс жалпы халықтық сипат алды. Аманкелді Иманов жауынгерлерінің жалпы саны 50 мың адамнан асты.

4 ноябрьде Торғайды қоршауға алған көтерілісшілер отряды басшыларының кеңесінде қалаға шабуыл жасау жөніндегі Аманкелді Имановтың ұсынысы қабылданды.

6 ноябрьде Аманкелді Имановтың басшылығымен көтерілісшілер шабуылға шықты, олар қаланың бір бөлігін басып алды, бірақ артиллерия мен пулеметтен атқылаудан кейін кері шегінді.

Ноябрь айының соңында көтерілісшілердің көпшілік бөлігі Торғайдан 120 -150 шақырым жердегі Батпаққара селосына бекінді. Осы жерде көтерілісшілер қарулы күштерінің штабы құрылды

3 ноябрьде Торғай өзенінің бойында Аманкелді Иманов бастаған отряд пен жазалаушылар арасында ұрыс болды. Көтерілісшілер аса ерлікпен соғысты. Жау шегінді.

1917 жылы 12 январьға қараған түн Торғай – Шолақсай жолы түгелдей көтерілісшілердің қол астына көшті.

18-20 февральда Торғай уезінің Құмкешу ауылына жақын жерде көтерілісшілер мен жазалаушылар отряды арасында айқас болды. Көтерілісші жолдастарына өз сарбаздарымен Аманкелді Иманов көмекке келді.

21-24 февральда Аманкелді Имановтың көтерілісшілер отряды ерлікпен қарсылық көрсеткеннен кейін күш жинап, күресті онан әрі жалғастыру үшін Батпаққараны тастап шығып, құм арасына кетті.

Февраль айының соңында Аманкелді Имановтың сарбаздары Батпаққараға қайта оралды. Көтерілісшілер отряды Торғай уезінің Қарақоға, Сарықопа, Бірінші Наурызым болыстарына келе бастады.

1917 жылдың март айында Торғай даласында соғыс жағдайы әлі сақталып қалған еді. Жазалаушылар отряды көтеріліске қатысушылардың ізіне түсумен болды.

1917 жылдың июль айында Уақытша үкімет органдарының рұқсатымен алашордашылар ұйымдастырған байлар соты болды. Сот Аманкелді Имановты Сібірге он жылға жер аударуға үкім шығарды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы туралы хабардың жетуіне байланысты үкім орындалмай қалды.

1917 жылдың жазы мен күзінде А. Иманов және большевиктік көзқарастағы Н. Токарев, Қ. Қайдосов, Х. Токин Торғай кедейлерінің арасында үгіт жүргізді, олар өз үгіттерінде буржуазиялық Уақытша үкіметтің отаршылдық саясатын әшкереледі.

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Торғай уезінде Совет үкіметі орнады. Совет өкіметінің әскери тірегі А. Имановтың отряды болды.

1918 жылдың 21 марты мен 3 апрелі аралығында А. Иманов Торғай уезі еңбекшілерінің атынан Орынборда өткен жұмысшы, солдат, шаруа және қазақ депутаттары Советтерінің Торғай облыстық бірінші съезіне қатысты.

26 мартта А. Иманов съездің шаруашылық істері жөніндегі комиссиясына мүшелікке сайланды.

4 апрельде А. Иманов Советтердің Торғай облыстық съезі делегаттары топтарымен бірге дутовшылардың Орынборға жасаған шабуылына тойтарыс беруге қатысты.

1918 жылдың апрель – май айларында А. Иманов съезд шешімін түсіндірді. Торғай даласында ауылдық және болыстық Советтерді құруға және нығайтуға, жер туралы лениндік Декретті жүзеге асыруға қатысты.

Май айында Торғайда контрреволюциялық төңкеріс болды.

Июнь айынан декабрь айына дейінгі аралықта А. Иманов ақ гвардияшылардың тылында Дутовтың контрреволюцияшыл бандылары мен алашордашыларға қарсы партизандық қозғалысты ұйымдастырды.

Декабрь айының ортасында Ә. Жанкелдин, А. Иманов және И. Киселев бастаған отряд Торғай қаласын ақ гвардияшылар мен алашордашылардан азат етті. А. Иманов Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды.

Декабрьдің екінші жартысында Торғайда большевиктік партия ұйымы құрылды. Аманкелді Иманов РКП (б) мүшелігіне өтті.

1919 жылғы 8 январьда А. Иманов Далалық Қырғыз (Қазақ, - ред.) өлкесі Төтенше комиссары мен Торғай облыстық әскери комиссарынан Қызыл Армия бөлімдерін ұйымдастыру үшін қолхатпен 10 мың сом ақша алды.

Январь-март айларында Ә. Жанкелдин, А. Иманов жастардан Қызыл Армия бөлімдерін құрды, уездік әскери комиссариатын, оның жанынан взвод және бөлім командирлерін даярлайтын мектеп, оққ командасын және пулеметшілер курсын ұйымдастырды.

9 апрельде А. Иманов Қостанайдан қашып келгендерді Қызыл Армия отрядтарына алудың мүмкіндігі туралы губерниялық әскери комиссары Н. Токаревке телеграмма жіберді.

1919 жылдың 18 апрелінде Аманкелді губерниялық әскери комиссариатынан өз отрядымен Ақтөбе майданындағы совет жауынгерлеріне қосыл деген бұйрық алды. 19 апрельде А. Иманов барлық мекемелердің және гарнизонның Торғайдан Шалқарға көшуіне бұйрық берді.

1919 жылдың 20 апрелінде Торғайға Таранның отряды келді. А. Иманов Л. Таранмен және К. Иноземцев және көптеген Қызыл Армия жауынгері тұтқындалды.

1919 жылдың 18 майында Аманкелді Иманов алашордашылардың қолынан қаза тапты.



ҰЛТЫ ҰЛЫҚТАҒАН БАТЫР (арнаулар)

Амангелді

Даңқты Амангелді айбары асқан
Жауына қарсы аттанып майдан ашқан.
Халқымның алмас болат ақ семсері
Еркіндік, төңкерістік ұран шашқан...

Семсерің күн көзімен шағылысқан,
Қылышың жүзі өткір жалын құшқан.
Арғымақ теке жаумыт, наз бедеуің
Жарысып жүрік желмен алып ұшқан.

Таланттың таудан асқан дариясы,
Адамның алтын балдақ ақ алмасы.
Халқымның қалаулы ұлы, қаһарманы,
Емірене елін сүйген ер баласы.

Айбары батырлықтың Амангелді
Халқымның сүйікті ұлы, ардагері.
Мәңгі өлмес ісі тірі, біз ұрпағың
Етеміз батырлыққа сені үлгі.

Қарабалин

Амангелдіге арнау

Тағдыр-аяз батқанда елдің жонында,
Күншуақ боп түстің көңіл тоңына.
Намысы бар, ызасы бар, қаны бар
Қаһармандар ерді сенің соңына.

Сендей ерлер туып халық бағына,
Жасын түсті тағылықтың тағына.
Әрбір дауыл, әрбір жауын, әр боран
Сын сағатта шықты сенің жағыңа.

Атқа қонған қалың халық жосылды,
Ата жауың айбатыңнан тосылды.
Әрбір төбе, әрбір қопа, әрбір сай
Қатарыңа сарбаз болып қосылды.

Жарық беріп оның менен солыңа,
Ел арманы сәуле шашты жолыңа.
Туына сен айналды да халықтың,
Халық сенің айналды күш-қолыңа!

Көз жасы үшін ана менен баланың
Басын алдың қиянат пен жаланың.
Ашуы болып буырқандың момақан
Жер қозғалса қозғалмайтын даланың.

Тағдырыңа халық тізе бүкпеді,
Жақсылықты қол қусырып күтпеді.
Жеңіл-желпі келген жоқ-ау азаттық,
Жауларымыз мықты еді ғой
Мықты еді!

Теңдік үшін туысқан да қандасқан,
Еркіндікке сәуле болып тамды аспан.
Тағы да бір сарт-сұрт етіп найзалар,
Тағы да бір жарқ-жүрқ етті алдаспан!

Қайғы бұлты басқан кезде қонысын,
Бір-біріне береді азамат қол ұшын.
Өз басы үшін тыныш өмір сүргеннен
Өлгенін Ер артық көрер Ел үшін.

Қайсар халық неге ғана жасысын!
Тасығанда сен боп күш тасысын.
Ескі заман батырының соңысын,
Жаңа заман батырының басысың!

(Торғай таңы 18 қараша 1925)

Амангелді тойына

Өлеңді айт дегенде ағылтқанмын,
Жүйріктей домбырамды сабылтқанмын.
Ел сүйген, еңіреп туған ерді мақтап,
Тынысын дұшпанымның тарылтқанмын.

Ойласам сөзім шежіре, қиял желі,
Өтеді көз алдымнан тарих беті.
Толғатса батырлардың батыл ісі,
Қомданар сонда Жамбыл сөйлегелі.

Ардагер Амангелді ердің ері,
Кең өріс, жалпақ дала туған жері.
Елі мен мекенінің туын ұстап,
Қол бастап қан майданда аққан тері.

Ленинді жаны сүйіп, соңына ерген,
Жауына ажал оған тартқан мерген.
Шешеден ел қамқоры ұл боп туып,
Ер болып, майданда да ұл боп өлген.

Қазасы батырымның жұртты еңіреткен,
Ол кезде Жамбылдың да жасын төккен.
Бұл күнде ер еңбегін қошеметтеп,
Шертемін жеңіс жырын мен де көппен.

Өлген жоқ Амангелді, әлі тірі,
Әнекеи, ілулі тұр ақ с емсері.
Орнатып ол көксеген арманды ойын,
Мен де шат, рахаттанған қарттың бірі.

Батыр бол, балаларым, бәрің-дағы,
Тап берген дұшпан иттің сынсын сағы.
Семсерін Амангелді тот баспасын,
Ел қорға, ұлы күннің туса шағы

Жамбыл Жабаев

//Торғай таңы–1933 10 қыркүйек//

Аманкелді Батырға арнау.

Боялып қанға қылышың,
Бодандық батып жаныңа,
Қазақтың азат күні үшін
Қырғидай тидің жауыңа.

Ұрысқа дендеп кіргенде
Жайпадың жауды жолыңнан.
Отырған қазақ іргенде
Жалын боп ерді соңыңнан.

Орыс соққан қамалды
Алған өзің қолбасы.
Жан берісіп, жан алдың,
Өмір, өлім алмасып.

Айласы мол, тісқақты
Жау табылып іргеде...
Өз қолымен ұстатты,
Қамалдың тас түрмеге.

Жетті түпке жат кіндік,
Аза тұтты ел, ашынды.
Тағы да сол сатқындық
Кесті ғазиз басыңды.

Қалқан едің қараға,
Қазаң ойғақалдыртты.
Ағайынға, араға
Залым дұшпан салды іріткі.

Амангелді Имановтың 145 жылдығына арнау

**Қазақтың бар еді-ау бір баласы
Туған жері-Қайдауылдың кең даласы
Тарайды екен ұлы атадан текті ұрпақ
Дулатұлы Иман батыр арғы атасы**

**Жоқшылықтың тауқыметін ерте тартты,
Қиыншылық, жетімдіктің дәмін татты.
Ел ішінде дәу-шараға араласып,
Ресейліктер қудалауға ұшыратты.**

**Ел деп туған перзенттің бірі еді,
Тосқауылдың ешбіріне берілмеді.
Азаттықтың аспанын қалаған соң,
Кес-кестеген жандардан жеңілмеді.**

**Торғайдың өзенінен өрлей шықты,
Қайсарлығын көрсетіп болды мықты.
Әр жерінен кедергіні көбейтіп,
Көздегенін қылт етіп қиып жықты.**

**Имановтан қалған еді екі ұрпақ,
Ол үшін әрқайсысы сөнбес шырақ.
Рамазан мен Шәріп екен есімдері,
Алматыда қалыпты Шәріп тұрап.**

**Екеуі де өз бетінше дараланды,
Асыл тұяқ, алып тұлға жолындағы.
Бірі-ерте мына өмірден өтсе дағы,
Бірі-енді әке сертін орындады.**

**Әр қазақ күліп тұрар әрбір таңда,
Дәл осындай батырлар бізде бар да.
Еңбегін еш ұмытпай, ерен қылып,
Тағзым етіп тұрайық қайсар жанға**

Тыныбай тоспасындағы айқас

...Тосқауылдап алдынан,
Тосып жауды аямқа,
Қарсыма қарсы кездесім,
Аралас ойран салмаққа
Сәт-сапар тілеп ақ таныған,
Сергетесім ераер аттанған.
Мінезі дара басқалап,
Албына жауды жасқалап;
Қарым басым, күшті деп
Жауынан қорқып саспаған.
Төрт жүз алғыр қыранды
Аманкелді бастаған.
Жау межеге келгенде
Албалта, қиялы жарқылдап,
Төбінгі-төбінгі сартылдап,
Атой салып қарқылдап,
Шыға, келген тоспадан.
Қырандай көктең шүйілген,
Тастүйін өжет қалып топ,
Түре тиген бүйірден,
Кезенің найза салмаққа,
Ат үстінде алысқан,
Қаша қуып шабысқан.
Ақ боз аттың ойынып,
Бірінің болып жол салған,
Аманкелді арыстан,
Үрейің алып састырып,
Тапатып атқа бастырып,

айқас

Талайып жаудың құлатқан,
Албалтамен басқа ұрып,
Кірген жерін сиретіп,
Найза ұшына түйретіп,
Айбынды топ сарбаздар,
Өте шыққан құйылдай,
Тас-талқан қып күйретіп,
Желкеден де ұрылған
Ондаған жау жығымаған,
Абыржып қалып абырған,
Шегінің кейін бұрылған,
Бағдаулетке тығылғай,
Қорғаны көп тасалдай,
Жайыңға енді шықпаған,
Сарбаздан қорқып бүкілалап,
Таса жерге ықтаған,
Мылтығын кезен оқ атқан,
Аз емес тіпті мол атқан
Тағы да жасақ келді — деп
Сазамызды берді — деп,
Пудеметтен оқ боратқан,
Токтатып енді жорықты,
Молайтып күзет-қорықты
Одан әрі аса алмай

Ілгері қарай баса алмай
Бағдаулетке қоныпты,
Жеңістен болмай сенімі
Үрей болып серігі,
Келесі күн сәскеде,
Кері кеткен шегінің,
Басылып жаудың желігі,
Ондаған шапа толтыпты,
Жиып алған даладан
Жаралысы, өлгі.

X X X

Содан бері мінеки
Елу алты жыл өтті,
Ұлы орыс халқынан,
Тапты қазақ тіректі,
Коммунистік партия,
Қазақты қайта түзетті
Жүздеген ұлт бірігіп,
Айдастыды білекті,
Соктырды бірге жүректі,
Елу жылда өр асып,
Көп елден озып, бел асып,
Терезем тең бұл күнде
Одақтас онбес орданың
Бірімің мен — Қазақтың.

Ғ. ӘМІРХАМЗИН.
Аманкелді ауданы.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне — 80 жыл



ҚАН ҚҰНЫ



Халқымыздың тарихында әлі күнге дейін толық шешімі табылмай келе жатқан тарихтық «ақтаңдақ беттерін» бірі патшалық үкіметінің 1916 жылғы бұйрығы қазақтардың ұлт ақсартушыларын қолдауға бағытталған.

1914 жылдан басталған империалистік саясат қазақтардың өмірін қара халқымен өмір сүру деңгейіне төмендетіп жіберді. Соғысқа мін қазақтарды мөлшерін ауыстырды, олардың қара жұмысқа жұмысқа баулауға шақырылды, олардың қара жұмысқа жұмысқа баулауға шақырылды, олардың қара жұмысқа жұмысқа баулауға шақырылды.

1916 жылғы патшалық үкіметінің бұйрығы қазақтардың ұлт ақсартушыларын қолдауға бағытталған.

адамдардың қазақтар (қазақ, өзбек, түркімен, т.б.) қара жұмысқа есебіне міндетті жұмысқа баулауға шақырылды деп табылған.

Қоспадан жерінің, жерінің буржуазия мен феодалдардың зорлық-зомбылығы 1916 жылдың 25 наурызында патшалық үкіметінің «бұйрығы қазақтардың ұлт ақсартушыларын қолдауға бағытталған» деп табылған.

Қазақ жастарының ұлт ақсартушыларын қолдауға бағытталған бұйрығын 1916 жылғы 25 наурызында патшалық үкіметінің бұйрығы қазақтардың ұлт ақсартушыларын қолдауға бағытталған.

жүйелері өскере жұмысқа алынатын «қара тілге» қосылды. Ала феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, өскере жібермейді амалын жасай бастады.

Майдан жұмысқа қазақ жастарды алу туралы жарам қазақ халқының зор наразылығы туғалады. Еле басталып, басқарушылардың тапсырмаларына қатысып, қазақтардың бұйрығын оқитып, ірі феодалдардың наразылығын жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салмақ қызметін, т.б. жөніндегі бұйрықтарды қазақтардың қолына алды.

Сөйлеп, өткен, шалы, орақ, малтық, қалыңның қаруынан ел адамдарының, байлардың наразылығы өртен, малдарын айып алуға жіберілетін.

қазақ жасақтары Әліби Жігітқали мен Аманкелді Ишенов, Орал облысымен Бөкей ордасында Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әбішев, Маңғыстауда — Жалау Мырзабаев, Жетісу — Тоқаш Бөкей, Бөкеймен Шөкеев, Уақ Саурақов, Тұрар Рысқұлов т.б. басқарды.

1916 жылғы шілде, тамыз айларында қазақтар бұл қазақ халқына қатысты: Олар бұсы үшін патшалық үкіметі жазымағы өскере жіберді. Оның қорығында жасқа қаулауына қарамастан отырды. Мәселен, Жетісудағы көтеріліс басты 16 зенбірек, 24 үкіметпен қаулауына 8730 солдаты бар 93 рота, 3909 атты өскеремен тұртып 24 күнді жіберді. Ақмола және Семей облыстарындағы көтерілістерге қарсы генерал Аюкеев басқарған 2 атты жүзлік күшейтілген 11 жау өскере ротасы жіберді. Көтеріліс жөнінде күтті болмақ жері Торай облысына қарамастан 17 жау өскере ротасы, 19 қазақ жүйелі мен өскеремен біріктірілген, дүпелменнен қаруланған, генерал Алартайов басқарған жасақтар жіберді. 1916 жылғы қыранның орта

шілде көтерілістерінің бірі басталғанда бұл жасақтардың көмегіне қазақтардың қолына алды. Уақ Бөкей мен Шөкеевтің қолына алды.

Сөйтіп, мемлекеттің Дурамы орыс империалисті мен ұлтшылдары тапты өскере «қан құны» қазақтардың тарихына осылай өткенді.

Егіз туған секілді

ТОЛҒАУ

Даласында Торғайдың,
Қаласында Торғайдың,
Көкейіме құйылған
Бір жұдырды толғаймын.
Болған екен бұл дала
Аңыздардың мекені,
Тіл бітірсе құмға да,
Шежіре боп кетеді.
Болған екен бұл дала
Батырлардың бесігі,
Ойында да, қырда да —
Сарбаздардың есімі.
Ел намысы дегенде,
Өңшең ерлер сап құрған.
Басың да имей өлерде,
Салса өмілше шарт сыңғыр,
Қаһар жауға қарысып,
Ақдәһардай аттылар.
Басың байлау ар үшін,
Мирас бопты батырдың.
Ел болуды ерлікті,
Бақыттың төңкергені,
Менің далам көрікті
Еңірген ерлермен,
Сүйер болсам жұртымды,
Сүйер болсам елді мені,



Оңдай асыл гүрнімды
Алғам Аманкелдідей.
Шабәр болсам жауыма,
Буып бекем белді мен,
Ол ерлікті таға да
Алғам Аманкелдідей.
Төбіретіп үлкейді,
Төбіретіп кішілі,
Алматыда бір төрді,
Түр ғой алып мүсіні,
Елдің сөзі жүректі,
Қабылдаса күн-көсем,
Тілек қосып тілекке,
Әлжі боп тілдесем
Шөй шымылдық бейне бір
Ақ сағымы даланың.
Көлбеңдейді кейде қыр
Арманыңдай баланың.
Соңда менің жадыма
Алаулатып жыр таңың.
Дәмбырасы бабында —
Сөйлеп берер Нұрханның
Халық мұңын, — бірге өскен,
Одан артық білді кім?
Ер етіпкен су кешкен —
Жас ауылдың қырғиның.

Көріңізде кеудейің,
Сөзді алмас қып пісірген,
Жемкізімі ел көгің,
Жырдың жайсаң күшімен,
Торғай лаңы бозалаң,
Шабты — шалқар көл десең,
Бақыттысың өз ағаң, —
Сырбай боп та сөйлесең,
Лапылдаған от-өлек,
Серпіні берер сезімге.
Армансыз-ақ өтер ең
Сондай болсаң кезінде.
Тасдұхына қарасаң
Мол қуаныш, мол қайғы
Жаңа кезде жаңаша
Жырлайыңшы Торғайды,
Жыр толғасақ, Торғайдың,
Ақынныңша толғайың!
Ел қырғасақ, Торғайдың,
Батырыңша қорғайың!
Өйткені оғай татырлық,
Теңеу айтсақ не түрлі,
Аққидық пен батырлық —
Егіз туған секілді!


ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВ.



Торғай облыстық Советі 1-съезі делегатының билеті.




Аманкелді Имановтың күнделігінің бір беті.



1919 жылы Қызыл Армия отрядына қару-жарақ алу жөніндегі қолхаты




Аманкелді Имановтың ұлы Рамазан.



Аманкелді Имановтың ұлы Шәріп.



Аманкелді Имановтың қызы Мәкен.



Сейітқасым Көшімбеков, Аманкелдінің қарулас серігі.



Торғай облысындағы 1916 жылғы Амангелді Иманов басқарған көтерілісшілер Кеңесінің төрағасы, кейін соғысқа қатысқан ақын Әбжан Құндызбаев



1916 жылғы Торғайдағы Амангелді Иманов бастаған көтеріліске қатысқан қазақтар.



**1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі, Халық батыры
Амангелді Иманов**



**1916 жылғы Торғайдағы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық
көтеріліс.**

Амангелді Имановтың Түркістандағы туыстары




Шəріп Иманов пен Рақым Нұрахов




Есентай Имановтың ұлдары Рақым мен Рақымқұл



Амангелді батырдың немересі Сапар Нұрақов




**Рамазан Амангелді, сол жақтағы Кәрім Қаканов.
1937 ЖЫЛ**



Амангелді бюсті. 1966 жыл.




Амангелді ролінде – Елубай Өмірзақов



Есентаев Сұлтан және Шәріп Иманов бауырларын іздеп барарда алынған анықтама.



Амангелді – Рахмет ауылы арасындағы көтерме жол бойындағы Бегімбет Алакөлі қорымы. Рахмет ауылынан 25 шақырым. Осы жерде Амангелдінің бірінші әйелі Рәш Сайдалықызы жатыр (1886 – 1920). Торғайдан Амангелді батыр сүйегін 1920 жылы осы жерге әкеліп жерлеген. Батыр сүйегін 1940 жылы Амангелді ауданы қорымына, 1956 жылы Амангелді ескерткіші жанына жерлеген.



«Комсомол» колхозының председателі, Аманкелді отрядының мыңбасысы Ыбырай Атамбековке И. В. Сталиннен келген телеграмма.



Торғай өзені маңындағы Аманкелді мен Әбдіғаппар бастаған көтерілісшілер штабы орналасқан Дүкенбай үйі. Үрпек қонысы, Қараторғай болысы.



Амангелді батырдың домбырасы.



Амангелді ұстаханасының құрал-саймандары

Жетісу мен Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс



Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин.



Амангелді Иманов пен көтерілісшілер.



Торғай уезінде Амангелді Иманов бастаған ірі көтерілісшілер жасағы

Ерлік даңқы өшпейді



Халық батыры Амангелді Иманов атындағы мұражай 1969 жылы ашылды.



**Аманкелді ауданында орнатылған батырлар мемориалы
Жәуке батыр, Үдербайұлы Иман, сары Қошқар батыр**



**Амангелді ауданына қарасты Үрпек ауылы маңында
1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісшілерінің ұстаханасы орналасқан**



**Амангелді Үдербайұлы Имановтың
Алматы қаласындағы ескерткіші**



**Амангелді ауданынан 13 шақырым қашықтықтағы
Үрпек ауылында 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің штаб
квартирасы орналасқан**



Торғай өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы Амангелді Үдербайұлы Имановқа ескерткіш Амангелді ауданы орталығында жастар демалыс алаңында орналасқан



Аманкелді Үдербайұлы Иманов. 2002 жыл.
/Арқалық қалалық әкімшілік ғимаратының алдына орнатылған/



Аманкелді Үдербайұлы Иманов мүсіні. 1999 жыл.
Қызылорда қаласы М. Әуезов көшесінде орналасқан



Амангелді Иманов ескерткіші. Алматы қаласы.



/Халық батыры Амангелді Имановтың тұрған үйі./



**Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көкбастау ауылы 1967 жыл.
Амангелді Иманов атындағы орта мектеп.**



Амангелді Иманов атындағы мешіті. 2022 жыл. Атырау қаласы

**Амангелді ауданында ашылған Халық батыры Амангелді
Иманов атындағы мемориалдық мұражайы.**



Амангелді ауданы, Амангелді ауылындағы орталық алаң



Амангелді Имановтың жерленген орны.

Халық батыры Амангелді Имановтың 150 жылдығына арналған тақырыптық көрмелер.






«Аманкелді» көркем фильмінен үзінді
Ғ. Мүсірепов, В. Иванов, Б. Майлин бірлесіп «Аманкелді» фильмінің киносценарийін жазды. Қазақ кинематографистері «Ленфильм» киностудиясымен бірігіп «Аманкелді» фильмін 1937 жылы көрсетілімге шығарды. Аманкелді ролінде Қазақ ССР-нің халық артисі Елубай Өмірзақов.



Амангелді дастаны. Алматы 1951 жыл



Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

- Абдуллин, Ә. – 28-29
Айдарова, Х. – 31
Айқадамова, А. – 32-33
Айтбаева, Г. - 34
Алмат, О. – 35-36
Алпысбаев, Ә. - 37
Асабаев, З. – 38
Ахатов, Е. – 39-40
Ахметбеков, Н. - 5
Ахметжанов, К. - 41
Аян. - 42
Әбдірайымұлы, Ә. - 43
Әбжанов, А. - 44
Әйтенова, С. - 45
Әлмағамбетов, Б. - 47-50
Әлібеков, С. - 51
Әлімжанов, Ә. - 52
Әмірхамзин, Ғ. - 53
Әсіпов, С. – 54-55
Әубәкіров, Д. - 56
Бабасова, Б. - 57
Байділдин, Ш. - 58-62
Байжан, А. - 26, 63
Бейісұлы, Ж. - 64
Бекқазин, Т. - 65
Бүкіров, С. - 66
Григорьев, Б. - 68
Досжанов, Х. - 69
Доспанбетов, Ұ. - 70
Дүйісмағамбетов, М. - 71
Елеуов, Т. - 7
Елеусізов, Ж. - 72
Ержанұлы, Т. - 74
Ермұратов, Х. - 8
Жақиярұлы, А. - 77
Жақыпов, Ә. - 78
Жармағамбетов, Е. - 75
Жармухамедов, М. - 76
Жарылғас, М. - 79
Жаубай, Е. - 80
Жәнібеков, Ә. - 81
Жолмырзаұлы, Е. - 87
Жұмабаев, Ғ. - 82-84
Жұмағұлов, М. - 9
Жүнісбеков, М. - 85
Жүнісұлы, Ж. - 86
Зікібаев, Е. - 88
Иманбаева, С. - 89
Иманов, Б. - 90-91
Иманов, Ш. - 92
Исина, З. - 93
Ислямиева, К. - 94
Карпенко, Н. - 95
Кенебаев, К. - 96
Кеңбейіл, М. - 10, 97
Қабажаева, Т. - 98
Қайырбеков, Ғ. - 99
Қаршығалин, Н. - 100
Қоденұлы, М. - 101-102
Қозыбаев, М. - 14, 103
Қорғанбеков, Д. - 104
Құлияс, Т. - 107-108
Құмаров, Т. - 109
Құрманбай, Ш. - 110
Қуандықұлы, Қ. - 105-106
Ламашев, Ә. – 111
Лекеров, К. – 112
Маданов, Х. – 113-114
Милованов, Н. – 115
Мусин, Ж. - 116
Мұхамеджанов, З. - 166, 121-122
Мұсабаева, З. – 117
Мұсабаев, Х. – 118-120
Мырзағалиұлы, М. - 17
Нәсенов, Б. – 15
Нұржанов, Х. - 123
Нұрқанов, А. - 18-19, 124-125
Оразаев, Ф. – 126
Оспанұлы, С. - 127
Рақымжанқызы, Ұ. - 128
Рсаев, Т. - 129
Сариева, Ы. - 20
Сәрсекеев, Қ. - 21-22, 130

Сейдахмет, Қ. – 131
Сейітұлы, Н. - 132
Сүлейменов, М. – 23,133,135
Сұлтанов, Қ. - 134
Тәж-Мұрат М. – 136-137
Төлепова, Г. - 138
Тұрғынбеков, С. – 139

Шәкібаев, С. - 141
Шоқай, М. - 27
Шүкірбеков, Қ. – 142
Шүкірұлы, С. – 143

Мазмұны:

1. Құрастырушыдан.....	3
2. Азаттық үшін алысқан ер.....	4-6
3. Аманкелді Иманов туралы әдебиеттер.....	7
4. Ол туралы әдебиеттер.....	8-9
5. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар.....	10-17
6. Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыр.....	19-20
7. Өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы.....	20-23
8. Батырға арнау.....	24-28
9. Батыр туралы жарияланымдар мен фотосуреттер.....	29-53
10. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	55-56

Құрастырушы: Ж.Ш. Сарина
Компьютерлік терілім: Ж.Ш. Сарина
Редактор: С. Қ. Ибикенова
Шығарылымға жауапты: К.Б. Борибаева
Басуға қол қойылды 01.04.2023.
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлемі 0,4

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru***

